

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**

**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

– С. 79 – 85.

3 Билялова К.Н. Мероприятия по развитию конгрессного туризма как основной составляющей МІСЕ-туризма // Сб. тр. Междунар. науч. конф. молодых ученых «Устойчивое развитие и «зеленая экономика» в Республике Казахстан: состояние и перспективы» под эгидой VIII Астан. эконо. форума, 21 мая 2015г. - Астана: ЕНУ, 2015. – Ч.2. - С.238 -242.

## **КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ИМПОРТТЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ОРНЫ**

***Өтеген А.Р., Успанбаева М.К.***

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: araiка\_97.96@mail.ru

1991 жылы орталықтандырылған жоспарлаудың ортақ кеңестік жүйесі өмір сүруін тоқтатқаннан кейін, нарықтық экономикаға ауысу көрініс тапты. Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет болып өзінің сыртқы экономикалық қызметін өзі ұйымдастыра алатын мүмкіндік алды. Қазіргі таңдағы сыртқы экономикалық қызметті шет мемлекеттерімен келісім байланыстарын құруда коммерциялық банктердің орны ерекше. Қазақстандағы экономикалық реформалар үрдісінде кәсіпорындар сыртқы саудаға өздері шығуға және шетелдік контрагенттермен коммерциялық келісімдер орнатуына құқық алды.

Дүниежүзілік шаруашылық байланыстары тереңдеген сайын тауар мен валюта-қаржы ағымдары қозғалысының жаһандану процесі тауарлар мен қызмет көрсетулер экспорты мен импорты, тартылған және шығарылған капиталдар, шетелдік инвестициялардан елге және отандық тауар өндірушілердің шетелге табыстарының ағымдары мен жылыстауы арасындағы тепе-теңдік жағдайына неғұрлым көп әсер етуде.

Сыртқы экономикалық қызметте теңгерімділікке қол жеткізуде экспорттық және импорттық операциялар маңызды орынға ие және бұл операциялардың арасындағы тепе-тең жағдайлардың қамтамасыз етілуімен қол жеткізіледі. Бұл процесті реттеу үшін ақша-кредит, салықтық-бюджеттік және валюталық және валюталық саясаттың түрлі құралдары қолданылады. Елбасы тапсырмасына орай, еліміздің 2020 жылға дейінгі тұрақты да жан-жақты дамуы ұлттық экономиканың қарқынды әртараптандырылуы мен бәсекеге қабілеттігі есебінен қол жеткізіледі.

Қазақстан нарық экономикасына түгелімен көшті, оны бүкіл әлемдік қауымдастық та мойындады. Бұндай жағдайда біздің республикамызда пайдасы жоғары, тұрақты, әлемдік нарықта бәсекелестік қабілеті бар кәсіпорындар неғұрлым көп болса, соғұрлым біздің экономикамыздың деңгейі де жоғарылай береді. Бұл бүгін, ертең, алдыңғы елу жыл ішінде де ең өзекті мәселелердің бірі болатыны Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан – 2050» деген халыққа жолдауында да ерекше аталып кеткен. Ал кәсіпорын қызметінің дұрыс

жолға қойылуы көптеген факторларға байланысты болып табылады. Соның ішінде импорттық және экспорттық операциялардың дұрыс ұйымдастырылуын атап өтуіміз керек.

Елдегі нарықтық экономика жағдайында сауда мекемелеріне сыртқы рынокқа тікелей шығуға және негізгі түрлері тауарларды экспортқа шығару мен импортқа әкелу болатын сыртқы экономикалық қызмет жасауға объективті қажеттілік пен мүмкіндіктер туындайды.

Экспорттық-импорттық операциялар бойынша материалдық нысаны бар, тауарларды сатып алу-сатуға байланысты коммерциялық қызмет түсініледі. Осылайша, экспорттық операциялар бойынша қызмет шетелдік контрагентке меншікке беру үшін тауарларды шығару және сатумен байланысты қызмет болып табылады; импорттық операциялар шеңберіндегі қызмет - шетелдік тауарларды сатып алу және оларды әкеліп, еліміздің ішкі нарығында оларды кейіннен сатуға байланысты қызмет.

Тауарды экспорттау – бұл оларды сатып алушы елге жөнелтіп, шетел сатып алушыларына сатылған тауар.

Сыртқы экономикалық қызметпен шұғылданатын сауда мекемелері экспорттық операциялардың мынандай негізгі түрлерін жүргізеді:

- экспорттаушы елдің аумағында өндірілген немесе қайта жасалған отандық тауарларды шетке шығару;

- кедендік бақылаудағы экспорттаушы елде шетелдік тауарларды қайта өңделгеннен(жасалғаннан) кейін оларды шетке шығару;

- қайта өңдеуге(жасауға) жатқызылмаған шетелдік тауарларды кедендік қоймадан шетке шығару(кері экспорт).

Экспорттық операциялардың есебін экспортқа өнім өндіретін және делдалдарсыз оның саудасымен айналысатын, сондай-ақ комиссиялық сыйақы үшін тауардың экспорты бойынша кәсіпорындардың тапсырмаларын орындайтын делдалдық ұйымдар арқылы да жұмыс жасайтын кәсіпорындар жүргізеді.

Экспорттық операциялар:

1. Экспорттық өнім өндірістік өзіндік құн бойынша кіріс етілді;

2. Сатып алушыға бақылау бағасы бойынша шот ұсынылды. Экспорттық өнім тиеліп шетелдік сатып алушыға жөнелтілді;

3. Тауардың қозғалысы бойынша шығыстар төленді:

а) теңгемен;

ә) шетелдік валютамен;

4. Экспорттық тауарды өткізу бойынша шығыстар өндірістік өзіндік құн бойынша шығыс етілді;

5. Сатып алушы ұсынылған шот бойынша толық есеп айырысты, ТМД банкісіндегі кәсіпорынның транзитті шотына келіп түсті;

6. Экспорттық тауар бойынша үстеме шығындарды төлеу үшін бұрын жұмсалған ақшаның баламасы кәсіпорынның валюталық шотына аударылды. Нетто төлем ақшасы (брутто төлем ақшасынан шетелдік валютадағы үстеме шығындарды шегергенде) үлестіріледі:

а) 50%-ы кәсіпорынның валюталық шотына аударылды;

ә) 50%-ы биржалық баға бойынша теңгеге сатылады (валютаның сатылу кезіндегі бағасы бойынша).[1, 116-117б]

Сауда мекемелері тауарларды экспортқа шығарумен бірге халықтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында шетелдік жабдықтаушылардан импорттық тауарларды сатып алу үшін валюталық түсімдерді өз бетімен пайдалануға құқығы бар.[1, 446б]

Импорттық операциялардың есебін кәсіпорынның мұқтаждықтарына пайдалану немесе қайта сату мақсатымен шетелдік сатушылардан тауар сатып алатын кәсіпорындар жүргізеді.

Импорт бойынша операцияның мысалын қарайық:

1. Шетелдік жеткізушінің шот-фактурасы алынып, акцептелді;
2. Шетелдік жеткізушінің шот-фактурасы төленді;
3. Шеттен әкелу (импорт) бойынша шығыстар төленді:

а) шетелдік валютамен;

ә) теңгемен;

4. Импорттық тауар кәсіпорынға сыртқы экономикалық өзіндік құн бойынша келіп түсті;

5. Импорттық тауар кіріс етілді және ол өткізу үшін арналған.[1, 118б]

Экспорттық-импорттық келісімдерді уәкілетті банктер жүргізеді, яғни шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыратын банк заңнамасына сәйкес лицензиясы бар банктер.

Экспорттық-импорттық операциялар бойынша коммерциялық банктердегі халықаралық төлемдер нысандары:

1) құжаттық жинау негізіндегі есептеулер;

2) аккредитивтермен есептеулер;

3) банктік аударым есептеулері.

4) сыртқы экономикалық қызметті кредиттеу.

Экспорттық-импорттық операциялар есебін жүргізуді немесе импорттау, экспорттау механизмдерін және т.б. қозғалыстарды жүзеге асыруды реттейтін және олардың орындалу тәртіптерін қарастыратын нормативтер болады.

Сыртқы экономикалық қызмет, сыртқы сауда, сыртқы саудадағы операциялардың құқықтық реттелуіне тоқталмас бұрын, жалпы бухгалтерлік есептің нормативті-құқықты реттелуін айта кетуіміз қажет.

Бухгалтерлік есептің нормативтік-құқықтық реттелуі төрт деңгей арқылы жүзеге асырылады. Бірінші деңгей - «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Заңы. Екінші деңгей - қаржылық есептілік стандарттар жүйесі. Үшінші деңгей - ұсыныстар мен нұсқаулар. Төртінші деңгей – кәсіпорынның есеп саясаты.

Елдің сыртқы экономикалық қызметін реттейтін негізгі заңнамалық кесімдер болып Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірде №401-III Заңымен қабылданған Кеден Кодексі қабылданды, бұның негізінде кедендік саясат экспорттық және импорттық операцияларды құқықтық реттеу үшін тұрақты негіз болды.[2, 426б.]

Сыртқы экономикалық қызметтің мемлекеттік реттелуінің түрлі формалары мен әдістері бар. Реттеудің негізгі формасы болып табылады:

- сыртқы экономикалық қызметті қаржыландыру;
- салық салу;
- инвестициялау;
- сырттан қарыз алу;
- сыртқы берешек;
- экспортты субсидиялау.

Сыртқы экономикалық қызметті реттеудің қағидалары:

- мемлекеттің сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретінде сыртқы сауда саясатының тұтастығы;
- сыртқы сауда саясатының және оған бақылауды мемлекеттік реттеу жүйесінің тұтастығы;
- ҚР территориясындағы кеденнің тұтастығы;
- сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларының заңды қызығушылықтары мен мемлекеттік құқықтарын қорғау;
- сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің экономикалық шаралар басымдығы.

Экспорттық операция бойынша ҚҚС салынбайтын жағдайды қарастырып көрейік. Тауардың сатылғаннан түскен табысын мойындаудың бір түрі, мүлік меншігі құқығының сатып алушыға өтуінен басталатынын естеріңізге сала кетейік. ҚР Азаматтық кодексінің 239 бабына сәйкес, заң және келісім-шарт бойынша басқаша қаралмаса, заттың сатып алушыға немесе оны сатып алуға жеткізу үшін, тасымалдауға қабылдап алынуы, мүліктік құқық иесінің өзгергенін көрсетеді. Егер сатушы мүлік иесінің құқығы мен міндетін өзінде сақтап қалған болса, онда тауар сатылған болып саналмайды және табыс табылған болып есептелмейді. Ондай жағдайлар келісім шарттың арнаулы бөлімінде қарастырылуы мүмкін. Алайда салық есебі бойынша тауардың арттырылып жіберуі табыс табудың шарты болып саналады. Табысты тапқаны жайлы негіз болатын құжаттарға, теміржолдың немесе басқа көлік мекемесінің көліктік жүкқұжаттары жатқызылады, солардың негізінде тауарларға ақы төленеді.

Айталық, тауар одан әрі теңіз арқылы жеткізу үшін, айлаққа әкелінді делік. Тауар айлақ қоймасына түсіріліп, қабылдау актісі жасалады. Тауарды экспорттаумен немесе импорттаумен айналысатын кәсіпорындар, әдетте жүк тасымалдаушы, экспедиция жасаушы мекемелермен шарт жасасады, тапсырыс берушінің атынан тауар экспедициялауға қатысты әрекеттердің барлығын солар атқарады. Тасымалдау-экспедициялау жұмыстарымен айналысатын мекемелердің құқықтары мен міндеттері, егер олар қазақстандық кәсіпорындар болса, ҚР Азаматтық кодексінің 35 бөлімінде көрсетілген заң талаптарына сай әрекет етеді. Егер тасымалдау-экспедициялау жұмыстарымен айналысатын кәсіпорын шетелдік мекеме болса, онда олардың қарым қатынастары келісім шартпен және халықаралық құқық талаптарына сай орындалады.[3, 299б.]

Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялау туралы» Қаулысына сәйкес

тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялауға жатады, бас және бір жолғы лицензиялар беріледі.

Бас лицензия – қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға, мерзіміне шек қойылмай, егер олар бірыңғай технологиялық кешенге енетін болса, қызметтің бірнеше түріне бас лицензия беруге рұқсат етіледі.

Бір жолғы лицензия – рұқсат етілген көлем, салмақ немесе мөлшер (заттай немесе ақша түрінде), сондай-ақ капиталдың қозғалысына байланысты, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) үшін 180 күннен артық мерзімге төлемді кейінге қалдыруды не аванстық төлемді көздейтін экспорттық-импорттық мәмілелер бойынша жүргізілетін операциялар үшін Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында белгіленген мерзім шегінде белгілі бір шаруашылық операциясын жүргізуге берілетіндер.

Лицензиялауға жататын тауарлардың тізімін, сондай-ақ экспорттық-импорттық операцияларды жасауға лицензия рәсімдеу және беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Лицензия оларда көрсетілген мерзімде тауарлардың экспорты мен импортына рұқсат құжаттары болып, өнімдерді кедендік рәсімдеудің негізі болады.[2, 427б.]

Экспорттық және импорттық операциялар шет елдер мен Қазақстанды, екі тараптың кәсіпорындары мен коммерциялық банктерді байланыстырып отыр. Шет елдермен тауар алмасып ел экономикасы кеңейсе, осы операциялар жүргізілу барысында шетел валютасымен айырбас жасалып, коммерциялық банктердің ішкі, сыртқы айналымдарын жүргізіледі.

Осылайша, елдің дамуына, шет мемлекеттермен қарым-қатынас орнатуға, ел экономикасының өрлеуіне маңызды үлес қосатын – сыртқы экономикалық қызмет екендігін белгілі. Ал сыртқы экономикалық қызметтің негізді құрамдас бөлігі сыртқы сауда, яғни экспорт және импорт. Бұл мақала осы шет елдермен қарым-қатынас жүргізілетін экспорттық-импорттық операциялардың коммерциялық банктер қызметіндегі орнын анықтауға арналған. Және осы операциялардың түрлері, ерекшеліктері, қандай нормативтермен реттелетіндігі қарастырылған. Қазіргі таңда экспорт және импорт операциялардың қаншалықты жиі орындалуы коммерциялық банктердің қызмет көрсетудегі табысына әсер етуі немесе табыс көзі десек қателеспес едік.

#### **Әдебиет:**

1. Әбдішүкіров Р.С., Мырзалиев Б.С., «Бухгалтерлік есеп: оқу құралы, 1 кітап
2. Толпаков Ж.С. Т 54 Бухгалтерлік есеп: Оқулық.-Қарағанды, «Қарағанды полиграфиясы» АҚ, 2009.
3. Мақыш С.Б., «Коммерциялық банктер операциялары»